



"Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 10 ақпан N 218

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

"Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қ а р а у ы н а е н г і з і л с і н .

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының
Заңы

"Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

"Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" 1997 жылғы 19 мамырдағы Қазақстан Республикасының Z970111_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 10, 109-құжат; 1998 ж., N 14, 201-құжат; N 24, 434-құжат; 1999 ж., N 8, 247-құжат; N 23, 927-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1) 1-бап мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"психикалық белсенді заттар - бір рет қабылдаған кезде адамның психикалық және физиологиялық қызметіне, мінез-құлқына әсер ететін, ал ұзақ уақыт пайдаланған кезде

психикалық және тән тәуелділігін туғызатын химиялық заттар, оның ішінде алкоголь; телімші - оған донордың қаны немесе оның құрамдық бөліктері ауыстырып құю немесе донордан ағзаны (ағзаның бөліктерін) немесе тканьді трансплантациялау (ауыстырып салу) жүргізілетін пациент;

жасанды ұрықтандыру - ер адамның донорлық материалын (ұрығын) әйелдің жыныс жолына жасанды түрде енгізу;

мінез-құлық бұзылуы - психикалық күйзеліс жағдайы туғызған әрі қозғалу, әсерлену-ерік және ойлау әрекеттерінің бұзылуынан көрінетін адам мінез-құлқының ауытқуы . " ;

2) 4-баптың бесінші абзацы "шеңберінде" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасы аумағының шегінде оны көрсету орнына қарамастан" деген сөздермен толықтырылсын ;

3) 10-баптың 4-тармағындағы "жекеше медициналық ұйымдар" деген сөздер алынып тасталсын ;

4) 14-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қолайлылықты және азаматтардың тегін медициналық көмектің кепілді көлемін алуын қамтамасыз ететін мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесінің негізін:

"фельдшерлік мекен, фельдшерлік-акушерлік мекен (дәрігерге дейінгі көмек); отбасылық дәрігерлік амбулатория, аумақтық емхана, ауылдық аурухана (дәрігерлік көмек) ;

орталық аудандық аурухана, аудандық аурухана, кеңесші-диагностикалық емхана, диспансерлер, әйелдер кеңесі (білікті дәрігерлік көмек);

облыстық аурухана, қалалық аурухана, облыстық диспансерлер; облыстық (қалалық) кеңесші-диагностикалық орталық, перзентхана, перинатальдық орталық; жедел медициналық жәрдемнің ауруханалары мен станциялары (мамандандырылған дәрігерлік көмек) ;

республикалық емдеу-профилактикалық ұйымдары мен орталықтары, ғылыми орталықтар мен ғылыми-зерттеу институттарының клиникалары (жоғары білікті мамандандырылған дәрігерлік көмек) құрайды";

5) 15-бап 1-тармақтың екінші абзацы "оңалтуды" деген сөзден кейін "жедел медициналық жәрдемді" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 17-баптың 1-тармағында "психикалық және" деген сөздерден кейін "мінез-құлық бұзылуларын" деген сөздермен толықтырылсын;

7) 20 - бапта :

баптың тақырыбы "Психикалық аурулардан" деген сөзден кейін "және мінез-құлық бұзылуларынан" деген сөздермен толықтырылсын;

1, 2 және 3-тармақтар "психикасының" деген сөзден кейін "және мінез-құлық" деген сөздермен толықтырылсын ;

8) 21 - бапта :

баптың тақырыбындағы "маскүнемдікпен, нашақорлықпен және уйтқұмарлықпен ауыратын адамдарға" деген сөздер "психикалық белсенді заттарды пайдалану салдарынан зардап шегуші адамдарға" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтағы "маскүнемдіктің, нашақорлық пен уйтқұмарлықтың" деген сөздер "психикалық белсенді заттарды пайдалану салдарынан болған аурулардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "маскүнемдікпен, нашақорлықпен және уйтқұмарлықпен" деген сөздер "психикалық белсенді заттарды пайдалану салдарынан" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 25 - бапта :

1-тармақ "қан құю" деген сөздерден кейін "ағзаларды және (немесе) тканьдерді ауыстырып салу," деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ "қан құюды" деген сөздерден кейін "ағзаларды және (немесе)

тканьдерді ауыстырып салу," деген сөздермен толықтырылсын;

10) 27-бапта:

баптың тақырыбындағы "Өлу" деген сөз кіші әріппен жазылып, оның алды "Биологиялық" деген сөзбен толықтырылсын;

1-тармақ "Адамның" деген сөзден кейін "биологиялық" деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Кейін ауыстырып салу үшін ағзалар мен тканьдер алуды қамтамасыз ететін мамандардың донордың биологиялық өлімін анықтауға қатысуына тыйым салынады";

2-тармақ "аппаратура" деген сөзден кейін "биологиялық" деген сөзбен толықтырылсын;

11) 30-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"30-бап. Қан мен оның құрамдық бөліктеріне
донорлық

1. Қан мен оның құрамдық бөліктеріне донорлық Қазақстан Республикасында ерікті әрекет болып табылады. Донордан қан немесе оның құрамдық бөліктерін алуға егер донордың денсаулығына зиян келмейтін жағдайда ғана рұқсат етіледі.

2. Қан донорлығы өтеусіз және ақылы болуы мүмкін. Донорлық қанды және (немесе) оның құрамдық бөліктерін ақшалай сыйақы үшін тапсырған кезде ақылы болып саналады.

12) мынадай мазмұндағы 30-1-баппен толықтырылсын:

"30-1-бап. Қан донорларына қойылатын талаптар

1. Донорлық қызметті жүзеге асыру үшін медициналық тексеру кезінде қарсы көрсеткіштер анықталмаған 18 жастан 60 жасқа дейінгі Қазақстан Республикасының, шетел мемлекеттерінің азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар қанның және оның құрамдық бөліктерінің доноры бола алады.

2. Донорлар басынан өткізген және бойында бар сырқаттары туралы өздеріне белгілі мәліметтерді, сондай-ақ өздерінің есірткі, жүйкеге әсер ететін заттарды және прекурсорларды пайдаланғандығы туралы хабарлауға міндетті.

3. Қан берердің алдында донорлар қан тапсыру орны бойынша тегін медициналық тексеруден өтуге міндетті. Қан мен оның құрамдық бөліктерін алуды қан қызметі ұйымдары донорлар медициналық куәландырылғаннан кейін Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы орталық атқарушы органы белгілеген тәртіппен жүргізеді".

1 3) 3 1 - б а п т а :

2-тармақтағы екінші сөйлем "ағзалары" деген сөзден кейін "және тканьдері" деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1, 2-2, 2-3, 2-4, 2-5, 2-6-тармақтармен толықтырылсын:

"2-1. Тірі донордан ауыстырып салу үшін қолының растығы нотариуспен куәландырылған оның жазбаша келісімімен қос ағзалардың бірі, ағзаның бөлігі немесе оның жоқтығы денсаулықтың қайтымсыз бұзылуына әкеліп соқпайтын тканьдер алынуы мүмкін. Тірі донор жан-жақты медициналық тексерілуден өткен және дәрігер мамандар пікірнамасының ағзаны (ағзалардың бөліктерін) және (немесе) тканьдерді алу мүмкіндігі туралы қорытындысы бар адам бола алады.

2-2. Ауыстырып салу үшін донор-мәйіттен ағзаларды (ағзалардың бөліктерін) және (немесе) тканьдерді алу тек дәрігер мамандардың пікірнамасы белгілеген биологиялық өлім анықталған жағдайда ғана рұқсат етіледі.

2-3. Мәйіттен ағзаларды (ағзалардың бөліктерін) және (немесе) тканьдерді алу егер қайтыс болған адам тірі кезінде телімшіге ауыстырып салу үшін өзінің ағзаларын (ағзаларының бөліктерін) және (немесе) тканьдерін алуға келісетіндігі туралы мәлімдесе, не қайтыс болған адамның ата-анасы мен кәмелетке толған балаларының келісімімен рұқсат етіледі.

2-4. Ағзаларды (оның бөліктерін) және (немесе) тканьдерді ауыстырып салу қажеттігі туралы медициналық қорытындыны тиісті денсаулық сақтау ұйымы дәрігерлерінің пікірнамасы береді.

2-5. Ағзаларды (ағзалардың бөліктерін) және (немесе) тканьдерді ауыстырып салу телімшінің жазбаша келісімімен жүзеге асырылады. Бұл жағдайда телімшіге алдағы қауырт әрекетке байланысты оның денсаулығы үшін мүмкін болатын асқынулар туралы ескертілуі тиіс. Егер телімші 18 жасқа толмаса, не белгіленген тәртіппен іс-әрекетке қабілетсіз деп танылса, онда мұндай ауыстырып салу оның ата-анасының немесе қамқоршысының (қорғаншысының) жазбаша келісімімен жүзеге асырылады.

2-6. Денсаулық сақтау ұйымдарында сақтау және ауыстырып салу мақсатында мәйіттерден ағзаларды (ағзалардың бөліктерін) және (немесе) тканьдерді алуға Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы уәкілетті орталық атқарушы органның рұқсаты болған жағдайда рұқсат етіледі.";

3-тармақ "ауыстырып салу" деген сөздерден кейін, "алу" деген сөзбен толықтырылсын; "тканьдерді" деген сөзден кейін "ағзалардың бөліктерін" деген сөздермен толықтырылсын;

14) 32-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"32-бап. Донорлардың құқықтары мен әлеуметтік қорғалуы

1. Өз ағзаларын (ағзалардың бөліктерін) және (немесе) тканьдерін ауыстырып салуға келісім білдірген донорлар денсаулық сақтау ұйымдарынан ағзаларды және (немесе) тканьдерді алу жөніндегі алда тұрған қауырт әрекетке байланысты өзінің денсаулығы үшін мүмкін болатын асқынулар туралы толық ақпаратты талап етуге құқылы.

2. Донорлық қызметтерді атқаруға байланысты медициналық қызметкерлер зиян келтірген жағдайда, донордың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес зиянды өтеттіруге құқығы бар.

3. Қан мен оның құрамдық бөліктерін бергенге дейін және одан кейін донорлардың қан көлемін қалпына келтіру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген қалып бойынша тегін тамақ алуға құқығы бар.

4. Ақылы донорларға қан мен оның құрамдық бөліктерін тапсырғаны үшін ақшалай өтемақы төленеді. Ақшалай өтемақы берудің тәртібі мен мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

15) мынадай мазмұндағы 32-1, 32-2-баптармен толықтырылсын:

"32-1-бап. Қанды, оның құрамдық бөліктерін және препараттарды дайындауды қайта өңдеуді, және сақтауды қамтамасыз ететін ұйымдарға қойылатын талаптар

1. Қазақстан Республикасында донорлық қанды, оның құрамдық бөліктерін және препараттарды дайындауды, қайта өңдеуді және сақтауды қан қызметінің мемлекеттік ұйымдары жүзеге асырады.

2. Қан қызметі ұйымдары шығаратын донорлық қанды, оның құрамдық бөліктерін және препараттарды, консервленген ерітінділерді дайындаудың, сақтаудың және ауыстырып құюдың шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы орталық атқарушы органы белгілеген тәртіппен міндетті түрде бақылауға жатады.

32-2-бап. Донорлық қанмен, оның құрамдық бөліктерімен, донорлық қаннан алынатын препараттармен алмасу тәртібі және оларды Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге шығару

1. Донорлық қан мен оның құрамдық бөліктерін Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге шығару шұғыл ізгілік көмегін көрсету кездерінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

2. Донорлық қан мен оның құрамдық бөліктері Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге Қазақстан Республикасы Үкіметінің рұқсатымен тек қанның Қазақстан Республикасында өндірілмейтін құрамдық бөліктерімен және препараттарымен алмасу үшін ғана шығарылуы мүмкін.

3. Донорлық қан мен оның құрамдық бөліктерін пайда табу мақсатында басқа мемлекеттерге сатуға тыйым салынады.";

1 6) 3 3 - б а п т а :

баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын: "Жасанды жолмен ұрық себу, жасанды жолмен ұрықтандыру, ұрықты енгізіп жетілдіру";

1-тармақтағы бірінші сөйлемде "Жасанды жолмен" деген сөзден кейін "ұрық себу жасанды жолмен" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақтағы екінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"Кәмелетке толған бала туу жасындағы әрбір әйелдің өзінің тілегіне сәйкес жасанды жолмен ұрық септіруге, жасанды жолмен ұрықтануға және ұрықты енгізіп жетілдіруге қ ұ қ ы ғ ы б а р " ;

мынадай мазмұндағы 1-1 тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Адамның ұрығы сауда немесе өнеркәсіп мақсаттары үшін пайдаланылмайды.";

3 - т а р м а қ т а :

"енгізіп жетілдіру" деген сөздерден кейін "жыныс жасушаларын" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

"ұрықтандыру" деген сөзден кейін "жасанды жолмен ұрық себу" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Тән және психикалық жағынан дені сау, медициналық-генетикалық кеңес беруден өткен Қазақстан Республикасы азаматтарының:

18 жастан 45 жасқа дейінгі ерлердің,

18 жастан 40 жасқа дейінгі әйелдердің жыныс жасушаларының (ұрықтар мен аналық жасушалардың) донорлары болуға құқығы бар.";

1 7) 3 5 - б а п т а :

баптың тақырыбы "есірткі заттарды" деген сөздерден кейін "жүйкеге әсер ететін заттарды және прекурсорларды" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақ "есірткі заттар" деген сөздерден кейін, "жүйкеге әсер ететін заттар мен прекурсорлар" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Құрамында есірткі бар өсімдіктерді өсіруге, жинауға және дайындауға; есірткі,

жүйкеге әсер ететін заттар мен сәйкес прекурсорларды әзірлеуге, өндіруге, қайта өңдеуге, әкелуге, сыртқа шығаруға, өткін асырып әкетуге, тасымалдауға, поштамен жіберуге, сатып алуға, бөлуге, сатуға, пайдалануға және жоюға Қазақстан Республикасының есірткі, жүйкеге әсер ететін заттар және прекурсорлар айналымы саласындағы қызметке мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын орталық атқарушы органның лицензиясын алған ұйымдардың құқығы бар".

3-тармақ "есірткі заттарды" деген сөздерден кейін "жүйкеге әсер ететін заттар мен прекурсорларды" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Құрамында есірткі бар өсімдіктерді өсіруге, жинауға және дайындауға; медициналық, малдәрігерлік және ғылыми мақсаттарға арналған есірткі, жүйкеге әсер ететін заттар мен сәйкес прекурсорларды әзірлеуге, өндіруге, қайта өңдеуге, әкелуге, сыртқа шығаруға, өткін асырып әкетуге, сақтауға, тасымалдауға, поштамен жіберуге, сатып алуға, бөлуге, сатуға, пайдалануға және оларды жоюға бақылау жасау Қазақстан Республикасының есірткі, жүйкеге әсер ететін заттар және прекурсорлар айналымы саласындағы қызметке мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын орталық атқарушы органға және Қазақстан Республикасының басқа да уәкілетті орталық атқарушы о р г а н д а р ы н а жү к т е л е д і " .

1 8) 3 9 - б а п т а :

үшінші абзац "дер кезінде" деген сөзден кейін "сапалы" деген сөзбен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін экологиялық жағынан зиянды табиғи, техногендік және өндірістік жайттарды және олардың нәтижелері туралы деректерді белсенді түрде анықтауды және халыққа ескерту мен аурулардың алдын алу мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды";

1 9) 4 0 - б а п т а ғ ы :

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"алғашқы медициналық құжаттарды жүргізуге, есептерді азаматтардың денсаулығын сақтау мен мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орталық атқарушы органдары белгілеген нысандар, түрлер, көлем және мерзімдер бойынша ұ с ы н у ғ а " ;

тоғызыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"соз ауруларымен, ЖИТС-пен, алапеспен, микроспориемен, трихофитиенмен, қышымамен және басқа жұқпалы аурулармен, бактериологиялық және химиялық табиғаттың улануларымен, айналадағыларға қауіп төндіретін жұқпалы, психикалық және мінез-құлық бұзылуларымен сырқаттану оқиғалары туралы денсаулық сақтау органдарына, ал жаңадан алған жарақаты, жараланулары және қылмыстық түсік себептері бойынша өтініш білдірген адамдар туралы мәліметтерді ішкі істер

органдарына хабарлауға міндетті.";

20) 41-баптың оныншы абзацы алынып тасталсын.

21) мынадай мазмұндағы 44-1-баппен толықтырылсын:
"44-1-бап. Азаматтардың өз жынысын ауыстыру құқығы.

21 жасқа толған іс-әрекетке қабілетті азаматтардың медициналық-психиатриялық сараптаманың дұрыс қорытындысы болған жағдайда, өз жынысын ақы төлеу негізінде ауыстыруға құқығы бар. Медициналық- психиатриялық сараптаманы жүргізудің, сондай-ақ жыныс ауыстырудың тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді";

22) 46-бап 1-тармағының бесінші абзацында "психикасы" деген сөзден кейін "және мінез-құлық" деген сөздермен толықтырылсын;

23) мынадай мазмұндағы 47-1 баппен толықтырылсын:
"47-1-бап. Азаматтардың темекі шегуден ада қоршаған ортаға және темекі шегудің қауіптілігі туралы шынайы ақпарат алуға құқығы

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының темекі шегуден ада аймақтарды құру және темекі шегу үшін арнайы бөлінген орындардан басқа үй-жайларда темекі шегуге тыйым салу арқылы шылым шегуден ада қоршаған ортаға құқығы бар.

2. Ұйымдар меншік нысанына қарамастан темекі шегуге арналған орын бөлуі тиіс.

3. Темекі шегудің денсаулық үшін қауіптілігі туралы ескертетін ақпарат темекі бұйымының және оның қаптамасының беткі және сыртқы жақтарының 4 пайызынан кем емес алаңын алуы тиіс.

24) 51-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Азаматтардың мемлекеттік органдардан, денсаулық сақтау ұйымдарынан, сондай-ақ басқа да ұйымдардан және жұмыс берушілерден алдын алу мен емделудің әдістері туралы, халықтың сырқаттану деңгейі туралы, темекі шегудің зардаптарын, қоршаған ортаның жағдайын, еңбек, тұрмыс және демалыс жағдайларын қоса алғанда, олардың денсаулығына әсер ететін жайттар туралы өтеусіз сенімді ақпарат алуға құқығы бар.";

25) 53 - бапта :

тақырыбындағы "және басқа да" деген сөздер алынып тасталсын, "және ел ішіндегі медициналық ұйымдарда" деген сөздермен толықтырылсын;

Мәтіндегі "және басқа да" деген сөздер алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы 2-тармақпен толықтырылсын:

"2. Азаматтардың аумақтық денсаулық сақтау органдарының жолдамасы негізінде ел ішінде емделуге жұмсалатын жол ақысын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен мемлекеттік бюджет есебінен төлеуге құқығы бар.";

26) 54 - бап :

мынадай мазмұндағы 1-1-тармағымен толықтырылсын:

"1-1. Хирургиялық жолмен дәрілеп тазалау тек бұған тиісті лицензиясы бар медициналық ұйымдарда ғана жүргізіледі.";

3-тармақтың алтыншы абзацы "белгілеу" деген сөзден кейін "нәрестені емшекпен толыққанды тамақтандыру үшін жағдай жасау" деген сөздермен толықтырылсын;

27) 55-бап мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Қазақстан Республикасында балалардың өздерінің ұрпақ жаңғыртушылық денсаулығын сақтау саласында білім мен тәрбие алу құқығы бар. Балаларға жыныстық білім мен тәрбие беру білім және денсаулық сақтау органдары арнайы әзірлеген және бекіткен бағдарламалар бойынша меншік нысанына қарамастан тәрбие мен білім беру ұйымдарында (мекемелерінде) жүзеге асырылады.";

28) 67-баптың 2-тармағының төртінші абзацы "мәлім болған" деген сөздерден кейін "донорлар мен телімшілер туралы," деген сөздермен толықтырылсын;

29) мынадай мазмұндағы 69-1-баппен толықтырылсын:

"69-1-бап. Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесі

1. Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен анықталады.

2. Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының қызметкерлеріне:

лауазымдық жалақыларына (ставкаларына) денсаулық үшін қауіпті және еңбектің ерекше ауыр жағдайларына байланысты; ғылыми дәрежесі, түнгі уақыттағы жұмыс, кәсіптерді (лауазымдарды) қоса атқарғаны, қызмет көрсету аясының кеңейгені, уақытша жоқ қызметкердің міндеттерін орындағандығы үшін; денсаулық сақтаудың жекелеген ұйымдарында, бөлімшелерінде және

лауазымдарда үзіліссіз жұмыстың ұзақтығы үшін үстеме ақылар;

басшылар мен олардың орынбасарларының біліктілік санаты үшін жалақыларын көтеру белгіленеді.

Көрсетілген және басқа да қосымша ақыларды, үстеме ақыларды және жалақыларды көтеру тәртібі мен мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді."

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК